

Бекежан Ө.Қ.

**ТАБИҒАТ ПЕН ТЕХНИКА ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАНАНДАНУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Бекежан О.К.

**ОСОБЕННОСТИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ПРИРОДЫ И ТЕХНИКИ
В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

О.К. Bekezhan

**PECULIARITIES OF RELATIONS OF NATURE AND TECHNICS
IN CONDITIONS OF GLOBALIZATION**

Статья посвящена проблемам природы и техники в современных условиях глобализации. Рассматриваются экологические, нравственные, коэволюционные аспекты развития современной техники.

This article is devoted to the problems of nature and technics in modern conditions of globalization. Ecological, moral, co-evolutional aspects of the development of modern technics are examined.

Табиғат пен техника қатынасы қазіргі адамзат тарихының жаһандану кезеңіне тән заманауи өзгерістерге сәйкес әр түрлі трактовка алу үстінде. Техниканың міндеті тұрғысында табиғатқа экологиялық тұрғыдан қарап оның қайталанбас, орны толмас байлығын барынша таза сақтап қалуды, оны ұқыпты пайдалануды қолдайтындармен қатар бұл мәселеге басқаша қарайтындар да бар. Мысалы неміс философы Вальтер К. Циммерли өзінің «Өзгеруші қоғамдағы техника» мақаласында қоғамның үнемі өзгерісте болуы және оған техниканың әсері туралы әңгіме қозғайды. Осыған байланысты оның ойынша, «1) жалпы өзгерістер жайлы ойға сүйену қажет; 2) өзгерістерді техникамен қоғамдағы өзгерістермен байланыстыру қажет; 3) бұл бізге техникалық өзгерген заман туралы және біздің оған деген өзгерген пікірлеріміз туралы ойлауға алғышарт болып табылады». Ол бәрінің де үнемі өзгерісте болуы туралы айта келіп, прогресс мәселесіне көшіп, табиғаттың таза қалпын сақтау мүмкін емес, сондықтан техникалық прогреске сай жаңа адами қоршаған табиғи орта жасау қажет деп қорытынды жасайды. Шынында да адам ізі түспеген табиғи орта жоқ, оның орнын толтыру да іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан адами және технотектік ортаға бейімделген, мүмкіндігінше олармен үндесетін (гармониялық) табиғи орта жасау туралы айтуға ғана болады. Бұл ортада бәрі де рационалдық тұрғыдан есептеліп, эстетикалық немесе этномәдени және тағы басқа канондарға сүйенген табиғи орта болуы да мүмкін. Ал ондай ортаны жасау үшін әрине, қазіргі дамыған техникаға сүйену қажет. Тағы бір неміс зерттеушісі Г.Рополь адам экотехникалық бетбұрыс жасауы керек деп

санайды және ол солай етпеген жағдайда адам жойылады деген қатал пікір айтады. Табиғат – барлық өзімен өзі пайда болып, адам ықпалынсыз тіршілік етуші нәрсе. Ол қазіргі дәуірге параллель ретінде адамзаттың теріп жеушілік пен аңшылықтан мал бағу мен жер өңдеуге көшуін «пайдалану» қағидасын «қамқорлық жасау» қағидасымен алмастыру ретінде түсіндіріп қазір де сондай серпіліс керек деп санайды. Оның пікірінше, алғашқы қауымдық құрылыста адам тек табиғаттан дайынды ғана алып, оның орнын толтыруға тырыспаған, тек агрорлық қоғамнан бастап құралды қолдана отырып, алғанының орнын толтыруға ұмтылды, бірақ қазір адамзат тағы да табиғатқа зиян келтіру жолымен бара жатыр - дейді Рополь. Айта кету қажет, ол біраз қызық және біздің ойымызша әділ пікір айтады. Ол, біріншіден кейбір табиғатты қорғаушылардың жалаң, субъективті көзқарастарына қарсы, себебі жердің көп жері адам қолымен өңделіп болды, «ландшафт артефактіге айналды», жануарлар, егіндер және басқа да агроәдениет жетістіктері адам қолымен, селекция арқылы өзгертілген. Сондықтан табиғатқа қамқорлықтың өзі техникалық категорияға айналған. Сондай-ақ әлемдік деңгейде материалдарды, энергияны, тамақты, ландшафты, климатты, халық өсімін жоспарлау туралы да айтып өтеді. Бұл үшін жаңа білім, тапқырлық та керек. Осылайша экотехнологиялық бетбұрыс арқасында оның өз сөзімен айтсақ, «адамдар өз әлемін жасайды» Бірақ ол өз идеясын қорытындылай келе парадоксты пікір айтады. Егер адам экотехникалық бетбұрыс жасамаса, онда ол жойылады да, тағы да тек табиғат қалады. Ал адам оны іске асырса табиғат жойылады. Ондай жағдайда мүлдем өзгертілген жасанды орта ғана қалады. Демек адам өте қиын диллеманың алдында тұр деген сөз. Рополь техникашы емес, оны экологияға қарсыларға да жатқызуға да болмайды, ол қазіргі заманның әлемдік мәселесіне жалпы үрдіс/тенденция/ тұрғысынан, өзінше объективті көзқарас білдіріп отыр, оның пікірі кейбір экология, табиғатты қорғау

мәселесін әлдебір идеология, тіпті діни деңгейден қарайтындарды шошындыруы да мүмкін. Ол табиғат пен техника қатынасының болашағына байланысты дегуманистік көрінетін, тосын және қатқыл пікір айтып отыр. [1] Бірақ өкінішке орай, егер экономикалық экспансия жалғаса беретін болса, болашақтағы қоғам мен табиғат қатынасының бұл нұсқасын да есептен шығаруға болмайды. Бұл өте тосын пікірдің кездейсоқ еместігіне бізше дәлел көп сияқты. Тағы бір неміс зерттеушісі Х.Бек техника мәнін табиғатпен байланыстыра қарап мынандай пікір білдіреді: « 1) Техника-это возникающая из сущности человеческого духа и восходящая к нему (поскольку врожденная) способность господствовать над природой и пользоваться ею. 2) Техника-есть приобретенные через применение этой заданной способности сноровка и умение господствовать над природой. Техника как активная способность и сила свойственное человечеству в целом.» [2.182] Өз ойын ол былайша толықтырады: «Техника всюду наблюдается как результат встречи человеческого духа с природой. Человеческий дух осмысливает природу и формирует или изменяет ее согласно своим намерениям и целям.» [2.176] Табиғаттың заңдарын игеру арқылы адам техниканы игереді және оның көмегімен табиғатты белсенді түрде өзгертеді. Ескере кететін бір жай Х.Бек «табиғат» ұғымына адам рухын да кіргізіп отырғанын айтады. «Под «природными процессами» следует понимать все процессы в органической, неорганической и психической-духовной сферах, происходящие сами по себе, согласно природе своего носителя и предшествующие всякому сознательному и свободному вмешательству. [2.177.] Міне осы табиғатты адам өзі білетін заңдылықтарға сүйене отырып өзгертеді. Қорыта айтқанда техника-Х.Бектің түйіндеуінше адам рухының табиғатпен кездесуінің нәтижесі. Ал оның түпкі мақсаты табиғатты пайдалану үшін өзгерту болып табылады. Осы ой иманентті түрде батыс мәдениеті өкіліне жалпылай тән екенін айтқан жөн.

Техника феноменін гносеологиялық аспектіде қараушылардың кейбіреулері техникалық білімнің ерекшелігі ретінде табиғатта кездеспейтін заңдылықтарды пайдалануды айтады. Мысалы, В.Белозерцев, Я. Сазонов ғалым-инженердің табиғаттың жаратылыс заңдарын, қасиеттерін, күштерін сан қилы түрде байланыстыру нәтижесінде техникалық заңдар мен заңдылықтардың комбинациялық ерекшелігі пайда болатынын айтады. «Сондықтан техникалық заңдар мен заңдылықтардың адам қолы жетпеген жерден табылуы принципті түрде мүмкін емес».-деген тұжырым жасайды. [3.65-66.] Техникалық білімнің бұл әдісін П.Алексеев комбинациялық-синтездік деп атайды. [4.] Сонымен қатар техникалық жетістіктер түріндегі

заттар мен құбылыстар табиғаттан бөлек өз алдына объект ретінде лабораторияда, моделдік түрде зерттелуі олардың әлдебір екінші табиғат немесе балама табиғат сипатында толықтай қалыптасқанын білдіреді. Шынында да жасанды жағдайда клон-тіршілік иелері дүниеге келіп жатса техника әлемнің табиғатқа балама қуатты және өзін өзі тудырушы әлем екенін білдіреді. Айтылып отырған жасанды ортада көп нәрсе табиғат үлгісімен жасалса да олардың қасиеті, сипаты адам қолында. Мысалы, климатты бақылау, яғни, қажетінше бөлме немесе кеңістік ауасын өзгерту де осы жетістіктің нәтижесі Жалпы техника мен табиғат – тарихы бар мен тарихы жоқтың немесе тарихтан тыстың қатынасын көрсетеді. Демек біріншісі, уақытпен өлшенеді, хронологияға ие, екіншісі мәңгілік категориясымен анықталады. Қазіргі заманың негізгі қателігі де осында, уақытшаны қадір тұту, оны басты құндылыққа айналдыру және мәңгіліктің орнына қоюға тырысу. Осы тұрғыдан қарар болсақ адам өзін туғызған табиғатпен өзі жасаған техниканың тайталасында тұр. Әрине болмысы жағынан адам биологиялық және әлеуметтік тіршілік иесі. Бірақ, оның болмысы әлеуметтік ортасындағы басты факторлармен, олардың өзгеруімен тікелей байланысты. Зерттеуші Рополь табиғат пен техниканың айырмашылығы неде?- деген сауалға орай Аристотелге сүйене отырып табиғат өз бетімен пайда болатын заттар, техника-пайда болу себебі өзінен тыс заттар деген пайым жасайды. Сондықтан ол өзінің пайда болу көздері мен себептері жағынан техника табиғаттың қарама қарсысы, антиподы деген тұжырымға келеді. Рополь адамда табиғаттың туындысы емес пе деген сұрақты көзденең тартып, оған өзі иә, ол денесі жағынан табиғат туындысы бірақ оның рухы, санасы табиғатқа бағынбайды,себебі олар ерекше әрекеттік сипатқа ие,сондықтан табиғат санадан тыс деген ой қорытындысын жасайды. Шын мәнінде табиғат-адам-техника сияқты схеманың логикалық тұрғыдан дұрыс сияқты көрінгенімен тереңірек үңілгенде күмән тудыратыны осыдан. Себебі бұл адамның екі ұдайы: био-әлеуметтік табиғатымен(!) байланысты болса керекті. Табиғатпен гармония бұзылуы түп-төркіні де осында. Әрине қауымдық құрылыс та, болмаса шығыстық қоғамда табиғатпен адам,табиғатпен адам санасы белгілі бір гармонияда болғаны тарихи факт, ол сана европалық, ғылыми-прагматикалық сана сияқты табиғатты игеруге бағытталған белсенді емес. Аграрлық халықтардағы «табиғат туған ана» мифологиялық тіркесінің қазіргі адамда кем дегенде түсінбестік, әрі кеткенде надандық деген ой туғызатыны осыдан. Осыған байланысты Ресейлік антропология философиясының белгілі маманы П.Гуревич қатыгездік, ештеңені қадір тұтпау, сезімнен жұрдай болу техниканың

табиғаттан басым болғанының көрністері екенін айта келіп: «Табиғатқа оралу сарыны неге мәдениет тарихында мәңгілік екені де осында. Бұл техника билігі алдыңғы қорқыныштың бейнелеуі, адам табиғатының тұтастығын сақтауға ұмтылыс. Бұл ақырына келгенде адамның затқа айналуына қарсылық»– дейді. [5.125] Егер дін адамның табиғатын, тәнін құдай жаратқан нәрсе ретінде жаннан төмен қойса, жанға тәнді бағындыруға ұмтылыса, дәстүрлі нанымдар табиғатқа табындыруға әрекет етсе, ғылым бәрін енді біліммен техникаға табындырғысы келіп, олардың арқасында бәріне де жетуге және бәрінде өзгертуге болады деген пікір қалыптастыруға ұмтылады. Бірақ соңғысының алдыңғы екеуінен айырмашылығы рухани деңгейден айырылғандығы. Ғылым мәніне байланысты мәдениеттанушы Т. Әсемқұлов «Жылан қайыс ырымының сипаттамасы» мақаласында мынандай қызық пікір айтады: «ғылым мен білім өзінің жаратылысында қылмысты екен, себебі адам, табиғатты өлтіріп барып, оны жұмбағынан айырып барып ғылым мен білімге қол жеткізеді» [6.] Т. Әсемқұлов адамның бұл әрекетін оның пенделік шектеулігімен түсіндіреді, «дүние кереметін ақырына дейін тану – оның маңдайына жазылмаған».[6.] Осыдан келіп отырғанымыздай көтеріліп отырған мәселе контекстінде көп сұрақтарды қозғауға болады. Соның ішінде маңыздылары- ғылым, білім, наным, дін. Оның өзі осы мәселенің руханилық тұрғысынан үлкен мән – мағынаға иелігін көрсетеді. Егер Э.Фроммды өзгертіп айтсақ адам табиғаттан өз еркімен аластатылған, қол үзген, бірақ техникадан жанына жай таба алмай жүрген тіршілік иесі. Табиғаттан қорғануға техникаға тығылады, техникадан қиындық көрсе табиғатты аңсайды. Техника дәуіріне дейінгі мыңдаған жылдар бойы адамзат өзін табиғаттың төл баласы санап, онымен іс – әрекеттік, дүниетанымдық тығыз байланыста болса, енді ол жаңа, жасанды ортада өмір сүруге мәжбүр, бірақ ол бұл мәжбүрлікті өзі таңдап алған, енді адамды жасанды орта барған сайын төл тума ортадан аластауда. Шын дүниенің орнын жай жасанды мәдени орта емес, технологиялық орта толтыруда. Адам сол ортаның құндылықтарына көнуге мәжбүр, сол себептен қаладан, үлкен мегаполистен бір сәтке табиғат аясына шығу урбанизация құрбаны қазіргі адам үшін демалыс, тыныштық, қым – қуат жүгірістен құтылу, әлдебір табиғи қалыпқа ену, техноктекті цивилизацияның марафон жарысынан сәлде болса демалу. Бірақ көп демалыс, ортадан қол ұзу тағы да пайдасыз болып саналады, себебі күн сайын болып жатқан өзгерістерден қалыс қалу қаупі туады, ал басқалар ілгері кетіп үлгереді. Адамның қателігі жан мен тәннің жағдайын бірдей тапқысы келетінінде. Бірақ өкінішке орай

бұл өте қиын талап және қазіргі негізінен қанағатсыз адам қажеттігінің шегін біле бермейді, сонымен қатар түрі мен жаңалығы жағынан шексіз өсу үстіндегі материалдық дүние де оған мүмкіндік бермейді. Соңғы фактор шексіз қанағатсыздықтың объективті алғы шарты болып келеді. Ақыл мен еңбек туындысы осылайша адам үшін парадоксті жағдайлар туғызады. Техникалық апаттар басқа да маңызды сұрақтарға жауап беруді талап етеді. Оның ең бастысы «адам қаншалықты техникаға ие?»– деген сауал. Себебі техникада жоғарыда айтылғандай табиғат сияқты дүлей, тылсым күшке айналуға. Сонықтан да техниканы түсіну, онымен қарым – қатынас жасау жолында адам әлдебір мистикалық, мифологиялық, неоанимизмдік сипаттағы сезімдер тудыруда. Бұл қатынас да техниканың адам үшін тек өзі туғызған, ақылы мен іс – әрекетінің жемісі ғана емес ерекше онтологиялық сапаға ие дүние екенін көрсетеді. Сондықтан жоғарыдағы сұраққа бір жақты жауап жоқ, ол сондықтан әуелдегі оған соқыр табыну сезімінен оны өзіне бағындыруға ұмтылысқа дейінгі үлкен жолдан өтті. Ал техниканы ол өз туындысы, қаруы ретінде рациональды қарады, тек кейін ғана, оның өзінде адамның бәрі емес, техниканың өз уысынан шығып бара жатқанын байқады. Техника мен табиғаттың күрделі қатынасын шешудің маңызды жолы ретінде кейбір зерттеушілер коэволюция принципін ұсынады. Бұл идея негізінен биология саласында пайда болып, әртүрлі биологиялық түрлердің бірлесе эволюцияға ұшырауын білдіретін ұғым ретінде қалыптасты. Коэволюция-материалдық және рухани болмыстың жүйелі байланыста дамуы түсінігіне сүйенеді. Қазір бұл идея жаһандық эволюционизм теориясының іргетасы десе де болады. Осы мағынасында коэволюция тек табиғат пен қоғамның бірлікте дамуын ғана емес, шығыспен батыстың, адам мен қоғамның, әртүрлі мәдениеттер мен діни жүйелердің өзара ықпалдастықта ілгерілеуін алға тартады. Міне, осындай кең мағынасында бұл концепция қазіргі гуманистік идеяның іске асу түрі ретінде беріліп, жаһандық гуманистік эволюция идеясының негізі болуға тиісті сияқты Бұл термин Н.Н Моисеев ойынша табиғат пен қоғамның бірлесе ілгерілеуін білдіреді: « Адамзат – биосфераның бөлшегі, сондықтан коэволюция принципін жүзеге асыру – оның болашағын қамтамасыз етудің міндетті алғы шарты.» [7.] Ол бұл терминді «ноосфера» ұғымымен байланыстырып, ноосферада теле – тәндікті сақтаудың жолы ретінде түсіндіреді. Бірақ көп зерттеушілер ғылыми – техникалық прогрестің ықпалымен техноэволюция биоэволюциямен салыстырғанда жеделдете жүргізілуде, сондықтан коэволюция принципін практика жүзінде іске асуы қиындық туғызады деп санайды. Бұл жердегі маңызды мәселе табиғат ұғымын кең және тар шеңберде қолдану.

Егер табиғилықты кең шеңберде алатын болсақ онда адамда табиғат бөлшегі, микрокосмос екені белгілі. Биологиялық эволюция туындысы ретінде адам ұзақ тарихи уақыт бойы табиғатқа бейімделді. Тіпті өзінің мәдени – әлеуметтік ортасын да осы қоршаған табиғатына қарап «кұрастырды.» Қазіргі заманғы жойқын процесс – жаһандану, яғни ұлттар мен мәдениеттердің ортақ құндылықтарға жаппай өтуі, дәстүрлі, автохтондық мәдениеттер жоғалуы да техногендік қоғамның қарыштау нәтижесі. Сондықтан, керісінше бұрынғы көптеген дәстүрлі мәдениеттер мен шаруашылықтар табиғат заңдылығын бұзбайтын, онымен сәйкесетін дәрежеде эволюция жасап отырды, сондықтан ол мәдениеттерді коэволюциялық бағытта өмір сүрген немесе дамыған қоғамдар деуге әбден болады. Әрине, бұл көзқарас адам мен қоғам прогрессінің сөзсіз жетістігі тұрғысынан қарсылық туғызуы мүмкін. Ал ендігі уақытта, қазіргі экологиялық жағдайды есептей отырып Н.Моисеев байқағандай коэволюциялық принципті сақтау, ең болмаса оған барынша ұмтылу өте қажет. Бұрын адам табиғат алдында әлсіз болса, енді қоғам мен техника алдында әлсіз. Екінші жағынан, адамға қашанда саналы, кейде санасыз эгоизм тән. Ол сондықтан табиғаттан көрі өз басының қажеттігін, қоғамның, саясаттың мүддесін жоғары қояды. Оның үстіне көптеген авторлар жоғарыда айтқандай техноэволюция жылдамдығының биоэволюциядан көрі барған сайын артып бара жатқанын айтады. Бұның себебі де әртүрлі саяси – экономикалық бәсекеде, бәсеке өскен сайын заттар мен игіліктер, құралдар көбейеді, бірақ табиғат тозады. Бұл қоғамның өмір сүру заңдылығының табиғат заңдылықтарынан мүлдем басқа екендігін көрсетеді. Субъект-субъект қатынасының ерекшелігі субъектінің объект ретіндегі табиғатқа қатынасына зор ықпал жасауы. Өз кезегінде субъектілік қатынастың өзгерістерге ұшырауы сыртқы табиғатқа да әсер етуде. Қазіргі қоғамның бітім-болмысы осындай тұжырымға келуге мәжбүрлейді. Ал шын мәнінде биосфераға түсетін салмақ оның мүмкіндігінен жоғары болмауы керек. В.И. Данилов – Данильянның ойынша коэволюция тек осы жағдайда ғана іске асады. [8.] Ал басқаша жағдайда бұл термин сөздік ойынға, схоластикалық лексиконға, логикалық бос ұғымға айналады. Сондықтан бұл зерттеуші коэволюция теориясына сенімсіз қарайды. Коэволюция – натура мен социумның өзара диалектикалық қатынаста, бірін – бірі толықтыра дамуында. Бірақ диалектиканың категориялары тілімен айтар болсақ сапа мен сандық мөлшер тұрғысынан табиғат эволюциялық даму үстінде емес, бірақ техногендік факторлардың үлкен ықпалымен динамикалық өзгеріс және дағдарыс жағдайында. Енді қоғамды осы тұрғыдан алар

болсақ, тарихи эволюция бойынша ол бұрын сонды болып көрмеген даму үстінде. Әсіресе материалдық, тұтынушылық жетістіктері ең биік деңгейде. Бірақ барған сайын материалдық даму жаңа энергияны, шикізатты, яғни, табиғатты одан әрі игеруді талап етеді. Міне, осы жерде коэволюция идеясы тығырыққа тіреледі. Екінші фактор – рухани құндылықтар. Бұл бағытта да үлкен қайшылықтар мен дағдырыстар жеткілікті екені белгілі. Табиғатпен социумның техникаға негізделген қатынасының Бахтиндік диалогизмге сипаттас нұсқасы «коэволюция» идеясы емес пе деген көзқарас пайда болады. Осы айтылғандардан бәрін қорыта келгенде табиғатқа да қоғамға да коэволюция тұрғысынан техника зор әсер жасап отырғанын көреміз. Техника биосфераға, қоғам мен адамның өзіне өзгерістер енгізуде. Бұл аспектіден дамудың дағдырыстық күйі табиғатқа да қоғамға да тән қазіргі эволюцияның сипаты болып табылады. Парадокс мынада: осы екеуіне бірдей дағдарыстың шиеленісуі ғана емес, оның позитивті шешілуі де техникаға тәуелді болып отыр. Осы аспектіде техника коэволюция идеясымен тығыз байланысты. Айтылғандарды тұжырымдай келе көп сұрақтың бірінен-бірі туындайтынын көреміз. Тек қана экологиялық мәселенің төңірегінде бірнеше сауал туындайды. Кім кінәлі? Өзінің шексіз қажеттігін өтеу үшін табиғатты аяусыз қанап отырған адам ба? Әлде қалай болғанда өзінің құралдығына байланысты табиғатқа бәрібір зиян келтіретін техника ма? Табиғатқа қатынастың өнеркәсіптікке дейінгі түрлеріне қайта оралуға немесе ескі бір идеяларды, мысалы Ежелгі Грециялық, натурфилософиялық болмаса Аристотелдік позицияларды қайта жандандыруға бола ма? Егер өз мәдениетімізге жақын әлдебір тығырықтан шығу жолдарын іздеп, табиғатты қорғауға пайдалануға болар ма еді. Бұл теория түрінде, философиялық жағынан мүмкін шығар, бірақ адамзаттың қазіргі санасы мен құлқы тұрғысынан мүмкін емес нәрсе. Кезінде қазақ дүние танымында коэволюциялық көзқарас сақталды, бірақ ол қоғамның дамуы экономикалық, техникалық кенже қалуы есебінен болды, бұл бүкіл шығысқа тән нәрсе, яғни, коэволюциялық мәдениет пен табиғат үйлесімділігін сақталуының тарихи кезге тән көрінісі болды. Қазіргі екі жол: дамуды жалғастыру немесе коэволюциялық кейін шегіну сияқты көрінеді. Табиғат пен техника қатынасының ең басты мәселесі- экологиялық жағдай. Әрине, техника құрал ретінде жанама кінәлі, тіпті кінәлі – деп атау да логикаға келмейді, бұл жерде әңгіме оны пайдалануды нәтижелері жайлы болуы керек. Экология мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар оның өркениеттік, дүниетанымдық, экономикалық, саяси сияқты бірнеше аспектісіне назар аударады.

Қазақстан ғалымдарының техникаға байланысты көзқарастарын талдаған кезде бұл туралы кеңірек айтылды, сондықтан тек негізгі ой тұжырымына тоқталып өтсек. Зерттеушілер қазіргі экологиялық жағдайды «жаттану» ұғымымен тығыз байланыста қарап, оны «жаһандық жаттану» деп атайды. А.Хамидов қазіргі экологиялық жағдайдың негізгі дүниетанымдық себебі ретінде Әлемге батыстық қатынас типінің кеңінен тарап, шығыстық адамның Әлемдегі болмысы типін ығыстырып шығаруымен байланыстырады. Натурфилософиялық, Аристотелдік қағидаларды ғылыми-техникалық сана ығыстырғалы қашан, ол түсінік тек көркем дүние қабылдау мен экологиялық сана еншісінде болмаса билеуші өндірістік, тұтынушы санадан әбден шығарылған және ол идеялар қазіргі қордаланған, мүлдем басқа заман туғызған мәселелерді бәрібір шеше алмайды, себебі оларды шешу үшін жалаң идея тіпті болмаса діни қағида жеткіліксіз, оларды шешу үшін тағы да сол ғылымның, сол техниканың көмегі, тағы да соларды дамыту, жетілдіру мәселесі күн тәртібіне қойылады. Бұл гректер кезіндегі жағдай емес. Бұл жерде дана Аристотелге емес гректің басқа ақылгөйі Гераклитке жүгінуге, бір өзенге екі рет түсуге болмайтынын, бұл дүниеде бәрі өзгермелі, ағып жатқан су екенін алға тартудан басқа амал жоқ. Ал қазақы дүниетанымның элементтерін қолдануға келер болсақ, біріншіден, марксизм доктринасы тұрғысынан айтсақ, басқа қоғамдық-экономикалық формация немесе заман басқа, жерді қадірлейтін оған өзінің наным-сенім бар көшпелі, мал шаруашылықты қоғам тарих сахнасынан кетті. Бұрын кез-келген қазақты тебірентетін «дала», «жайлау», «ауыл»тіпті туған жер ұғымдары өз құндылығын жойды. Олардың бәріне прагматикалық, пайдаланушылық көзқарас қалыптасты, туған жер тек барынша кен байлығын көбірек алу құралы, тіпті шетелдікке сатып жіберу арқылы болса да қаржы табу көзі, яғни, осындай бұрынғы сакральдық ұғымдар таза экономикалық-рационалдық ұғымға айналды, енді ол басқа сезім шақырмайды. Ал кім кінәлі мәселесіне келер болсақ, адамның қашанда кінәліні өзінен басқалардан іздейтін субъективтік психологиясын бір сәт жеңе алсақ қана жауап бере аламыз. Организм мен техника әлемі яғни, биосфера мен техносфера арасын зертеген орыс зерттеушісі В.Н.Новосельцевтің «Организм в мире техники» атты зертеу кітабында организм мен техниканың жүйелік байланысы, ұқсастығы мен айырмашылығы туралы айта келіп техникалық элементтердің организмге қосымша күш беретіні және организмге салынған құралдың табиғи органнан ұзағырақ «тіршілік» ететініне назар аудартады. Әңгіме автор ойынша мынада: тұтас биологиялық организм бір маңызды компоненті істен шықса өледі, бірақ оның бойындағы жасанды элемент «тіршілігін»

жалғастырады. Осыдан келіп зерттеуші тіршілік, өмір мәселесіне жаңаша қарау керек емес пе деген сауалды көлденең тартады. Техносферадағы прогресс өмірге байланысты негізінен жеке тіршілік иелеріне қатысты, ал жаһандық тұрғыдан ықпалы шамалы деп санайды ол. Өзін-өзі жалғастыру феномені ретінде өмір енді техникаға да тәуелді бола бастады. Осыдан келіп тек биологиялық тіршілік иесінен биотехнологиялық тіршілік иесі тіршілікке төзімді, мықтырақ деген теріс пікір қалыптасуы да мүмкін, ал шын мәнінде әңгіме тек қажетіне қарай техниканы медициналық мақсатта адам денесіне қондыруда сияқты, медицинаның бұл тамаша жетістігі көптеген кемтар адамға көмек беріп отырғаны да белгілі, бұл техника жетістігін адам игілігіне пайдаға асырудың маңызды жолының бірі. Бірақ тәнінің пайдасына асқан техниканың адам жанына ешқандай ықпалы болуға тиісті емес және жасанды мүше культке де айналмауы керек. Осыдан келіп бұрынғы адам табиғатындағы биологиялық пен руханилық бірлігіне қоса адамның био-рухани-техникалық тіршілік иесі ретіндегі құрылымы және олардың үйлесімділік мәселесі ғылыми талдаудың күн тәртібіне шығуы мүмкін сияқты көрінеді.

Табиғат пен техника қатынасы шын мәніне үңіліп қарайтын болсақ, бұл адамның техника мен табиғатқа көзқарасынан туындап жатқан нәтиженің көрінісі. Техника мен қоғам қатынасына арналған бағыттың бірі - энвайронментализм радикалдық экологиялық бағыт ретінде техникалық даму дегенге қарсы шығады, бірақ шын мәнінде енді табиғат аясында өмір сүру мүмкін емес. Бұл жерде техникалық прогресті жоққа шығару болмаса оны тоқтату қазіргі жағдайды одан әрі шиеленістіру ғана, себебі техниканың дамуы қоғамның дамуы мен сұранысына жауап беру керек, табиғатты сақтау үшін де солай. Сол себептен де «техногайянизм» сияқты бағыттар залалы жоқ техниканы шығаруды көздейді. Ал техниканы қазіргіден әрі жетілдірмеу керісінше үлкен залал әкеледі. Өзімен-өзі табиғатқа антогонист болып отырған техника деген жоқ, құралды пайдаланушы және өзінің жеке немесе топтың эгоистық мақсатын көздейтін адамдардың іс-әрекеті ғана бар. Біз жоғарыда қарастырып өткен жауапкершілік, қоғам, еңбек, адам сұрақтарының бәрі қазіргі заманның әлемге ортақ мәселесі - экология мәселесімен ұштасады. Экологиялық сана, тұрақты даму мәселесінің шешілуі, қоршаған ортаға қауіпті өндірісті шектеу- міне осының бірі табиғат пен техника қатынасы аталатын абстрактылы ұғымдардың нақтылануы. «Перед философией техники стоит важная задача переосмысления научной картины мира, преодоления натуралистического представления о технике. Новое понимания техники (уже не машины, не агрегата) как проявления сложных

интеллектуальных и социокультурных процессов (познания, инженерной проектировочной деятельности) и как особой среды обитания, влияющей на эстетические образы, ритмы функционирования, стереотипы.» [9.144] Егер автор пікірін жалғастырар болсақ техникалық немесе ғылыми-техникалық көзқарас басқа көзқарастарға априори қарсы бағыт сияқты қабылданбау керек. Кей кезде философтардың өзі инженерлер, техникалық интеллигенция таратып отырған технократтық дүниетанымның жетегінде кетіп отырады. Ал осындай түсініктен экологиялық, гуманистік көзқарас зардап шегеді. Шынында бұл жерде адам санасының өзгеруі ғана үлкен жетістіктерге әкелуі мүмкін. Техниканың қарыштап дамуы ғылыми жетістікпен бірлесе отырып адамның қолына бұрын-соңды болмаған күш берді, ендігі адамзат алдында тұрған мәселе-осы күшті игілікке пайдалану болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Рополь Г. Техника как противоположность природы. // Философия техники в ФРГ: Пер. с нем.и англ./ Составл. и предисл. Ц.А. Арзаканяна и В.Г. Горохова.- М.: Прогресс,1989- 528.
2. Х.Бек Сущность техники.// Философия техники в ФРГ: Пер. с нем.и англ./ Составл. и предисл. Ц.А. Арзаканяна и В.Г. Горохова.- М.: Прогресс,1989-528.
3. Философские проблемы развития технических наук. Саратов. 1983 стр65-66.
4. Алексеев П.В. Социальная философия; уч.пособие- М.:ТК Велби, Изд-во Проспект, 2005
5. Гуревич П. С. Философская антропология. Уч. пособие. М.: Издат-во «Вестник»,1997.-448. С.139.
6. Әсемқұлов Т. Жылан қайыс ырымының сипаттамасы. «Алтын Орда» газеті №61. 23. 03.2002.
7. Моисеев Н.Н. Еще раз о проблеме коэволюции // Вопросы философии.1998.№8.
8. Данилов – Данильян В.И. Возможно ли «коэволюция природы и общества // Вопросы философии. 1998.№8. Вопросы философии. 1998. №8.
9. С.144.З.Н.Сарсенбаева «Соотношение технической и человеческой целесообразности в проектах по экологии //Отчуждения и проблемы экологии (на материалах Казахстана). Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002.-179с.

Рецензент: д.филос.н., профессор Утуров К.У.